

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Достық ауылдық округі Чувашин және Красный Урал ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Достық ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26621 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Чувашин және Красный Урал ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып және Облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ**:

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Достық ауылдық округі Чувашин ауылының көшелері:

- Молодежная көшесін Жастар көшесіне;
- Ленин көшесін Тәуелсіздік көшесіне;
- Школьная көшесін Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- Кооперативная көшесін Алаш көшесіне;
- Садовая көшесін Құлагер көшесіне;
- Набережная көшесін Самал көшесіне;
- Чагано-Набережная көшесін Ақсу көшесіне қайта аталсын.

2. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Достық ауылдық округі Красный Урал ауылының көшелері:

- Коммунаров көшесін Ұялы көшесіне;
- Кооперативная көшесін Балауса көшесіне;
- Садовая көшесін Достық көшесіне;
- Зеленая көшесін Көктем көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Достық ауылдық округінің әкімі

А. Тулеуов